



**ИСЛАМ ҚАЖЫ МЫРЗАБЕКҰЛЫНЫҢ «ӘР САЛАДАН ТАМ-ТҮМДАП»
КІТАБЫ ТУРАЛЫ (Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КТИУ-ДЕ КІТАП
ТҰСАУКЕСЕРІНДЕ БАЯНДАМА)**

А.Н.Отарова,

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы,*

E-mail: akmaral.otarova@yu.edu.kz

Қай уақытта болмасын ел руханияты үшін өлке тарихының маңызы зор. Өйткені өлке тарихының өрнегіне елдің, жердің, ұлттың тарихы, мәдениеті және ұлы құндылықтары бар.

Осы бағытта жұмыс істеп, ұлт руханиятына үлкен үлес қосып жүрген азаматтардың бірі өлкетанушы, қаламгер, Ислам Мырзабекұлы ағамыздың осы жылы «Әр саладан там-түмдап» атты жаңа кітабы жарық көрді. Зиялы адамның мойнында рухани бір міндет болады. Ол міндет – өзінен кейінгі ұрпаққа рухани құндылық қалдыру.

«Әр саладан там-түмдап» кітабы – Ислам қажы Мырзабекұлының өткенді саралау арқылы құпияға толы рухани құндылықтарды іздеу мақсатында бүгінгі қоғамның қажеттілігіне сай жазылған еңбек.

Кітаптың мақсаты жастарды атадан балаға мұра болып келе жатқан халқымыздың мыңжылдық салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарды қастерлеуге, құрмет тұтуға, тәрбиелеуге бағытталған.

Еңбек 4 бөлімнен, әрбір бөлім іштей бірнеше тарауларға бөлініп 23 тарауды құраған. Кітапқа енген материалдар автордың күнделікті өмірден көрген-түйгендері, еліміздің әр қиырынан хат жолдаған кітап оқырмандарының баспасөз беттеріне шыққан ұсыныс-пікірлерінің саралануынан жинақталған.

Кітаптың 1-бөлімнің 1-2 тарауларында ел тарихының шежіресіндегі біртуар тұлғалар, Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері ұлы қолбасшы Шыңғыс хан, Д.Қонаев, абыз Әбіш Кекілбаев туралы ел аузындағы деректер мен тарихи фактілерді қатар қойып, замана келбетін, тұлғалар бейнесін таныта алған. Деректерді жан-жақты жинақтап, зерделеп, оқырманға әрбір есімнің өзіндік болмысын нақтылап ашатындай етіп беруге тырысқан.

1-бөлімнің 3-тарауы «Ел аналары» деп алынып, оның ішінде Пір Бекет Атамыздың апасы Ақмандай Мырзағұлқызы, Бопай Сүйіндікқызы, Әбіш ағамыздың анасы Айсәуле, Пір Бекет Атаның ұрпағы Аяпберген келіні Тұрсынай, Ыбырайым жұбайы Қалдаш қажы аналарымыздың ел үшін еткен елеулі еңбектері, қадір-қасиеттеріне жан-жақты көркем сөзбен кестелеген.



Жалпы қоғамның басты байлығы адам болса, парасатты да тәрбиелі қыздар – қоғамның ортаймайтын ең құнды қазынасы. «Қоғамды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле» деген қағиданың мәні қаншалықты терең болса, мазмұны соншалықты салмақты.

«Қыз, әйел, ана» – қасиетті ұғымдар, өйткені олар – өмірдің ұрпақ өрбітетін бастау-бұлағы. Ұлттың бар болмысын – тілі мен дінін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін – ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, бойына дарытатын әйел-ана. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды дәстүрге сүйеніп, уақыт талабына сай тәрбиелеу – ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті.

Осы бөлімнің 4-5 тарауы «Ананың қызына ақыл-кеңестері немесе қызға 40 үйден тыйым» делініп, әйелдер туралы Алла елшісі с.ғ.с айтқан 25 хадистен бастап қыз бала тәрбиесі туралы ананың өсиет-кеңестері, қыз баланың әдебі, қазақ әйелдеріне тән қасиеттер, бала тәрбиесіндегі ананың орны, келін мен ене сыйластығы т.б мәселелерді қамтыған

Кітаптың 2 бөлімі «Әр саладан там-тұмдап» деп аталады. Аты айтып тұрғандай адами ізгі қасиеттер, адамгершілік, ұлттық айрықша құндылықтарды қамтыған бұл бөлім басты 9 тараудан тұрады.

Бұл тарауларда сәлемдесуден бастап, адам бойындағы ізгі қасиеттер, шынайы достық, парыз, аманат, денсаулықтың қадірі, уақытты тиімді өткізу туралы, ұзақ жасаудың сырлары, тектілік, сонымен қоса діни мәселелер, әлемнің жаратылысы. әулие-әнбиелер, би-шешендер туралы, уақыттың, Он сегіз мың ғаламның құпиялары туралы сөз болады.

Осы тараулардың ішінде тектіліктің маңызы, текіден текті туады, тектілік тұқым қуады деген ұлтымыздың ерекше құндылығына тоқтала кетсек, «тектілік» деген сөзде үлкен қасиет бар екенін ата-бабамыз жақсы білген.

Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Тектілік – адамның ерекше қымбат қасиеттерінің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Сондықтан қыз алысып, қыз беріскенде қазақ әркез текті жермен құда болуға тырысқан. Мұның ғылыми негізіне үңілсек, болашақ ұрпақтың денінің сау болуы, парасатты болып қалыптасуы көбнесе текке байланысты деп ұққанымыз жөн. Қазақтар арасында жиі айтылатын:

«Текіден текті туады,
Тектілік тұқым қуады.

Әлгілі Майқы бидің: «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады» - деген сөзінде де көп мән жатыр. «тегінде бар тектілік», «тектілік тұқым қуады», «текті жердің тұлпар ұлы», «тегі мықты», «тегі таза», «тегіне тартқан»,



«жақсының көзі, асылдың сынығы» деген қазақ танымындағы тектілікке қатысты сөздердің тәрбиелік, тағылымдық мәні терең баяндалған.

Қазақ халқы туыстық байланысты ерекше бағалаған. Халқымыздың болмысын басқалардан ерекшелейтін бірден-бір қасиет осы туыстық байланыс деуге де болады. Халқымыз қашан да «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деп ағайын арасындағы татулықтың сақталуын қоғам бірлігінің басты алғышарты деп қараған.

Біздің атқарып жүрген ағайын аралық сан түрлі тамаша дәстүрлерімізді «Ағайынның қадірі торқалы той, топырақты өлімде» деп бір ауыз сөзбен ғана бекіткен елміз. Осы орайда автор 15 түрлі ағайын-туысты жақындататын қағидаларды санамалап көрсетеді. Мәселен, Ағайындардың жағдайын сұрап тұруды әдетке айналдырыңыз, ағайынмен аралас, дұрыс іні бола алмаған, дұрыс аға да бола алмайды, ешқашан ағайынның артынан сөз айтпа, ағайынды ойламаған адам қоғамда тұлға болып қалыптаспайды т.б

Ауызекі дамыған халық даналығында осы тақырыптарда мыңдаған маржан сөздер бар. Еңбекте туыстыққа қатысты хадистер, мақал-мәтелдер де берілген. Осындай тәмсілдердің қай-қайсысында да қаншалықты туған-туыспен қарым-қатынасты жақсы ұстауды көрсетеді.

Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі, дарынды, зерделі азамат болып өссе, түзу тәрбие мен тәртіп сақталса, ұрпақ текті болатыны, әрі оның азбайтыны анық. Ру шежіресін, ата-тегін білудің мән-мазмұнын ұрпақтан ұрпаққа жеткізе ұғындырып, ағайын-туманы татулыққа, бауырмалдылыққа тәрбиелеу қажет.

Кітаптың 3- бөлімі іштей 3 тарауға бөлінген. Олар- «Бала тәрбиесі-басты мәселе», «Дарынды балалар», «Кітап-білім бұлағы» деп аталады.

Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарға, дәстүрлерге және салт-саналарға негізделген ерекше жүйе. Қазақ халқы балаға ерекше мән беріп, оны ұрпақтың жалғасы, отбасының тірегі, елдің болашағы деп санаған. Бала тәрбиесі отбасының ғана емес, бүкіл қауымның, ауылдың, тіпті рудың міндеті болып есептелген.

«Бала тәрбиесі», «Ата-ана ақысы», «Тәрбиені өзіңнен баста», «Әкенің ұлына айтқан 10 ауыз сөзі», «Дарынды балалар» т.б тақырыпшаларында қазақ отбасындағы бала тәрбиесі басты мәселелердің бірі екені, отбасындағы тәрбиенің барлық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы, әкенің, ананың ұрпақ тәрбиесіндегі ролі жайында өмірлік тәжірибе, тағылымдарынан кеңес береді.



Қазақтар балаға өмірдің даналығын үйрету үшін мақал-мәтелдерді жиі қолданған: “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің”, “Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрейді.”

Қазақ отбасында ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ұлттық дәстүрлер мен жоғары мұраттар дәл отбасында қалыптасады. Адамдар арасындағы өзара түсіністікке әкелетін басқаларға деген сүйіспеншілік пен құрмет дәстүрлері тек сау отбасында қалыптасады деген ой тұжырымдалады.

4- бөлім іштей 6 тарауға бөлініп, ырым-тыйым, салт -дәстүрлер, түс жору, аян беру, мұсылманның 5 парызы, садақаның сауабы сияқты әрбір жұмыр басты пенденің білуге тиіс жайттары туралы сөз қозғаған. Бұрын көп айтыла қоймаған ырым мен тиым, жөн жосық, жол-жоралғы, ұлттық қағида, ғұрып, әдет пен әдет сияқты қазақтың өмірлік үлгі, тәлім-тәрбие ережелерін сараланады.

Кітаптың Ғиратнәма-2 тарауы 4 бөлімнен тұрады. «Әй, әттеген-ай» бөлімінде бүгінгі жастар тәрбиесі, қоғамды жайлап бара жатырған қауіпті құбылыстар- араққұмарлық, нашақорлық, шылымқорлық, зинақорлық, кәмелетке толмағандардың ерте жүктілігі, сәбилерді тастап кету, өз-өздеріне қол жұмсау, педофилдердің жауыздық әрекеттері, қоғамдағы жан түршігерлік қылмыстар, азғындық, опасыздық, сатқындық, сияқты жағымсыз қылықтардан сақтану туралы ой қозғаған.

4- бөлім Мерейтой иесі ағамыздың 80 жылдығына арнап айтылған жылы лебіз, құттықтаулары, ағаның шапағатын көріп, емделген халықтың ықылас-пейілдерін білдірген естеліктер берілген.

Қалың оқырманға арналған бұл кітапта, бір жағынан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, екінші жағынан, дінімізбен ұштасып жатқан ырым-тыйымдар мен аңыз, хикаялар жинақталған

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан - ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Біздің ата-баларымыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі - әлемде теңдесі жоқ тәрбие десек артық айтқандық емес. Баланың жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуінің, елімізді, туған жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтеуінің негізі осы ұлттық тәрбиенің негізінде жатыр. Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу қажет. Оның маңыздылығы мен қажеттілігі зор. Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына.



Бүгінде тәрбие мәселесі өте күрделі жағдайларды бастан кешіріп жатқаны жасырын емес. Әлемдік сананы батыстық идеология мен «еуромәдениет» билеп барады. Іркес-тіркес жағымсыз сюжеттерге құрылған атыс-шабыс, кісі өлтіру, зорлық-зомбылық, ұятсыздық, имансыздық сияқты жат көріністерге негізделген шетелдік киносериялдар телеарналарымызды жаулап алғаны сонша, жастарымыздың санасын улап, оларды қатігездікке, жатбауырлыққа, тасбауырлыққа, имансыздыққа итермелей түсуде. Бұрын жесірін жылатпаған, жетімін қаңғытпаған, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеген, ата-анасын ардақтаған ел едік, бүгінде балалар үйлері жетімдерге, қарттар үйі қараусыз қалған кемпір-шалдарға сыймай барады. Үйде отырып жүкті болып, баласын қоқысқа, не әжетханаға апарып тастайтын жүгенсіз қыздар, есірткі шегіп, еліріп кеткен бейбастақ ұлдар көбейді. Бүгінгі жедел қарқынмен өршіп келе жатқан жаһандану үдерісі де ұлттардың ұлттық ерекшеліктерін құрдымға кетіріп, өз үстемдігін жүргізуде.

Қазір қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселе – ұрпақ яки бала тәрбиесі. Бұған ел ертеңін ойлаған әрбір азамат бейжай қарамайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым ұрпақ тәрбиесіне жауапты болуды жүйелі ескертіп-ақ жүр. Мұны Ұлттық құрылтай мінберінен де айтты. Бір сөзінде: «Өскелең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс», деген-ді.

Осы жағынан келгенде, бар салмақ ата-анаға түседі. Өйткені бала тәрбиені алдымен отбасында алады. Отбасында не көрді, не түйді – соны бойына сіңіреді. Бұл ретте сан ғасыр жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиеміздің рөлі зор. Елдік тәрбиенің қайнарына қанып өскен өреннің танымы да терең. Әсіресе қазақ отбасында ата-әже, әке-шеше, бауыр деген ұғымдардың орны бөлек. Қоғам, уақыт өзгерді дегенімен, ұлттық тәрбиеден ажырамаған жөн. Бұған өз ұлтының дәстүрі мен болмысын сақтаған әлем елдерінен көп мысал келтіре аламыз. Сонымен қатар Президенттің «Адал адам» тұжырымдамасы да хакім Абайдың «Толық адам» ілімімен үндеседі.

Жаһандану барысында Батыс мәдениетінің басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы ұлттық сипатының жоғалуына әсер етуі әбден мүмкін. жаһанданудың дүлей толқынында жұтылып, жоқ болып кетпеу үшін бізге ұлттық тәрбиені күшейту қажет. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды ерекшелігі адамдарды ұлттық ерекшеліктерді, рухани өміршең құндылықтарды сақтауға үйретуі дер едік.



Ғұлама-ғалым әл-Фараби бабамыз айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – білім емес, адамзаттың қас жауы». Сондықтан, ең алдымен, тәрбиеге баса назар аудару жөн болады. Өйткені, тәрбие нәрімен сусындап, елінің бар құндылығын бойына сіңіріп өскен бала ғана отаншыл, ұлтжанды, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сыйлайтын, ата-анасын ардақтай білетін ұл мен қыз болып қалыптасатыны еш дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат шындық. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» (М.Әуезов) демекші, әрі мұғалім, әрі ата-ана елдің ертеңін ойлап, ел болашағы саналатын бүгінгі жастардың тәрбиесіне дұрыс бағыт-бағдар беруге, оларды ұлтжанды тұлғаға айналдыруға жұмыла кірісуі тиіс. Өйткені, ұлтжанды тұлға қалыптастыру – баршамыздың биік парызымыз, қасиетті де қастерлі борышымыз болуы керек.

